



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№43 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі бойынша шешім

2015 жылғы 2 қыркүйек

Алматы қаласы

Қазақстан Ұлттық Банкі базалық мөлшерлеме - 12% деңгейінде РЕПО біркүндік мөлшерлемесін белгіледі.

Бұл пайыздық мөлшерлеме ақша-кредит саясатының негізгі мөлшерлемесі болып табылады. Ол ақша нарығының номиналдық мөлшерлемелерін басқаруға бағытталған және ақша-кредит саясатының басты құралы болады. Инфляциялық таргеттеу режимі шеңберіндегі ашық нарық операциялары бұл мөлшерлемені ақша нарығында қолдайтын болады. Теңгенің өзгермелі айырбастау бағамына өтуге байланысты Ұлттық Банктің пайыздық мөлшерлемелері инфляцияны (ТБИ) нысаналы дәлізде ұстап тұруға пайдаланылатын болады. Ұлттық Банк қаржылық және баға бойынша тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында валюталық нарыққа қатысу құқығын өзіне қалдырады.

Ұлттық Банк оның бағалауынша инфляцияның нысаналы бағдарына ортамерзімді кезеңде 6-8% дәліз шегінде жетуге мүмкіндік беретін деңгейде базалық мөлшерлемені белгілейді. Ақша-кредит саясатының және инфляция деңгейінің өзгерістері арасындағы айтарлықтай уақытша аралықтың болуын ескере отырып, бүгін белгіленген базалық мөлшерлеменің қысқамерзімді кезеңде инфляцияға ықпалы шектеулі болады. Ағымдағы мөлшерлеме деңгейі ортамерзімді кезеңде нысаналы бағдарға қол жеткізу үшін белгіленді, бұл ретте мөлшерлеме деңгейі қайта қаралып, түзетілуі мүмкін. Ұлттық Банк нысаналы базалық пайыздық мөлшерлемеге сәйкес ақша нарығындағы өтімділікті қолдау үшін ақша-кредит саясатының құралдарын пайдаланатын болады. Ақша нарығында артық өтімділік болған кезде Ұлттық Банк оны аукциондық негізде алатын болады, ал өтімділік жетіспеген жағдайда беретін болады. Бұдан басқа, Ұлттық Банк банктерге 12+5% мөлшерлемесі бойынша өтімділікті алу және 12-5% мөлшерлемесі бойынша депозиттерді орналастыру үшін тұрақты кіру тетігін шектеусіз көлемде пайдалану мүмкіндігін береді (мұндағы 12% – базалық мөлшерлеме).

Ұлттық Банк қысқамерзімді кезеңде теңгенің жақындағы әлсіреуі нәтижесінде импорттық бағалардың өсуінен инфляцияның ортамерзімді нысаналы деңгейден жоғары ұлғаюын күтуде. Ортамерзімді болашақта ағымдағы базалық мөлшерлеме инфляцияның 6-8% нысаналы дәліздің шеңберіндегі деңгейіне жетуге жағдай жасайды деп күтіледі. Алайда инфляциялық күтулер өскен жағдайда Ұлттық Банк базалық пайыздық мөлшерлемені көтеру арқылы ақша-кредит саясатын қатаңдататын болады.

Базалық мөлшерлеме деңгейі экономикалық ахуалдың ағымдағы және болжамды дамуы ескеріле отырып белгіленген. Бұл ретте мұндай деңгей қысқамерзімді күйзелістерге жауап қату болып табылмайды, себебі инфляцияның ортамерзімді деңгейі Ұлттық Банктің негізгі мақсаты болып қала береді. Халықаралық Валюта Қорының бағалауына сәйкес ғаламдық экономика 2015 жылы 3,3% деңгейінде өседі деп күтіледі. Әлемдік экономиканың өсуінің баяулауы және тиісінше шикізат тауарлары бағасының төмендеуі Қазақстанның негізгі сауда әріптестері Қытай және Ресей валюталарының әлсіреуіне әкеп соқты. Сонымен қатар АҚШ Федералдық Резервтік Жүйесінің

пайыздық мөлшерлемелерінің күтілгендей көтерілуі салдарынан АҚШ долларының нығаюы, сондай-ақ еуроның әлсіреуі сыртқы талаптарға жылдам бейімделуді талап етеді.

Қазақстан экономикасының өсу қарқынының төмендеуі қысқамерзімді кезеңде инфляциялық қысымды төмендететін болады. Қазақстанның негізгі сауда әріптестері тарапынан сұраныстың әлсіз болуы, сондай-ақ мұнай бағасының құлдырауы нәтижесінде Қазақстан ІЖӨ-нің нақты өсуі 2015 жылғы 1-жартыжылдықта 1,7%-ға дейін (2014 жылғы 1-жартыжылдықта 3,9%) баяулады. Осы жылы нақты ІЖӨ 1,5% деңгейінде өседі деп күтіледі.

Әлемдік экономиканың күтілетін қалыпты өсу қарқыны, сондай-ақ шикізат тауарлары бағасының төмен болуы экономиканың сыртқы сұраныс тарапынан өсу перспективаларын төмендетіп, еліміздің төлем балансына жағымсыз әсер ететін болады. Мұндай сценарийдің даму ықтималдылығы базалық мөлшерлемені белгілеу кезінде ескерілді.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 46 39

+7 (727) 270 45 85

+7 (727) 330 24 97

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz